



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ДӘРКЕМБАЙ ШЕБЕРДІҢ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ОРНЫ**Аманханова Роза Омарбекқызы**roza.amanhan@mail.ruЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Әлеуметтік ғылымдар»
факультетінің «Мәдениеттану» мамандығының 2-курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - К.Б.Данысбекова

Дәркембай Шокпарұлы - суретші-этнодизайнер, Қазақстан Суретшілер және Дизайнерлер Одағының мүшесі, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері болған. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының "Сәндік өнер және дизайн" факультеті "Сәндік өнер" кафедрасының профессоры болған. Қырғызстанның "Дизайн академиясының" корреспондент мүшесі, көптеген халықаралық байқаулардың дипломанты еді. Дәркембай Шокпарұлы құжаттарға араб әрпімен сыпайы ғана "Дәркембай ұста" деп қол қойған екен. Ал біле білсеңіз, "ұста" сөзінің шын мәнінде ауқымы зор, тұғыры биік, құлашы кең қасиетті сөз. Осы кәсіптің киындығы өз алдында. Ұсталық атадан балаға мирас болып келетін жауапты іс. Ұста, зергер, қолөнер шебері болған. Халқымның дәстүрлі төл өнері, Кәсібім ата-мұра қолөнері. Жинадым әдет-ғұрып салт-дәстүрін, Елімнің көзге ыстық қолөнері –деп жазады Дәркембай Шокпарұлы өз өлең шумақтарында.

Ұсталық – ұстамдылықты ұнататын өнер. Халық шеберлері төс темірден шыққан дыбыстан-ақ, шебердің шыңдалғанын байқап, бағасын берген. Нағыз ұста бірде желпітіп, бірде баяулатып, бірде батыра, жұмсарта балға соғу арқылы музыкалық ырғақ тудырып иі қаныққан темірден әдемі бұйым жасағаны белгілі. Шоқтығы биік қолөнер шеберлерінің құпия сырын меңгерген бірегей тұлға - Дәркембай Шокпарұлы еді. Әсіресе ер қаруы – бес қару –садақ, қылыш, найза, айбалта, шоқпар жасауда қазақ еліне танылды. Дәркембай Шокпарұлының ғылыми-зерттеу, ғылыми-танымдық 200-ден астам мақаласы бар. 29 кітаптың және оқу құралдарының авторы. «Өрім өру»(1994), «Домбыра жасау»(1996), «Бесікке бөлеу» (2001), «Қазақтың қолданбалы өнері» (2007), «Қазақтың қолөнері» (2005) т.б. Ақын ретінде танылған «Ай-алқа» атты кітабы бар. Онда қолөнерге байланысты этнографиялық тақырыптағы, лирикалық т.б. өлеңдері жарияланған. «Қазақтың қолөнері» атты кітабы «Өнер» баспасынан 2005 жылы басылып шыққан. Ал енді, қолөнер дегеніміз не? Оның адам өміріндегі қызметі қандай? «Қолөнер ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан халық творчествосының сарқылмас қайнар көзі, халық мәдениетінің айнасы. Ол талай ғасырлар кезеңінен өтіп түрленіп, жаңарып келіп, атадан балаға мұра ретінде бізге жеткен дәстүрлі де қастерлі өнер»– деп жазады Дәркембай Шокпарұлы. [1, 8]. Қандай халықтың қолөнері болса да оның тарихымен, қоғамдық құрылысы, әдет-ғұрып, салт санасымен аттасып қатар өркендейді. Қолөнер адам баласының әсемдікке, нәзіктікке деген ұмтылысын, сол бағытта табиғатты өзінше таңбалап бедерлеуін, сұлулықты іздеуге құштарлығын танытады. Ол арқылы біз үлкен рухани-эстетикалық тәлім алып, өнер әлеміне канат қағамыз. Кітап 8 бөлімнен тұрады. 1. Ою-өрнек. 2. Тері өңдеу. 3. Ағаш өңдеу. 4. Металл өңдеу. 5. Ер-тұрман. 6. Қару-жарақ. 7. Саз аспаптары. 8. Жиһаз, ыдыс-аяқ. Қарап отырсақ, бұл бөлімдерге атауларды беріп, оны жік-жігімен жіктеп, түсіндіріп өтеді. Ұста Дәркембай Шокпарұлы ою-өрнекті 3 композициялық құрылымға бөледі. Ою-өрнек өнердің өте көне, әрі күрделі түрі. Әр елдің әдет-ғұрып, салт-дәстүрі географиялық, табиғи ортасына байланысты ою-өрнек үлгілері де ерекшеленіп, елдік сипатқа ие болып, түрлене түседі. [1,13]. Дәркембай Шокпарұлы бірінші болып тері өңдеу туралы зерттеуінде, мал терісінің түрлері мен атауларына көңіл бөледі. Төрт түлік малдың терісі өте қымбат шикізат. Ағаш өңдеу туралы, Дәркембай Шокпарұлы кітабында, ағаштардың ішіндегі ең «шешені» сөйлегіші қарағай деп санайды. Шеберлер сан жылдаған тәжірбиенің нәтижесінде

қарағайдың тербелу арқылы дыбыс шығару резонанс қабілеті өте жоғары екендігін деп басып таба білген. Қандай ағаштан қандай музыкалық аспап жасауға болатынын көрсетеді. 4 бөлімінде ұста металл өңдеу туралы және металлдан жасалатын бұйымдар туралы жазады. Мысалы: түйме, оймақ, сырға, білезік, жүзік, сақина т.б әшекей бұйымдарды атап көрсетіп, жасалу жолдарына тоқталады. «Зергер» парсы тілінен ауысқан «зәргәр» сөзі. Парсы тілінде алтыннан, күмістен суырып, созған жіңішке сымды «зәр» дейді. Халық арасында зергерлер өте жоғары құрметке ие болып, елдің сүйікті адамы саналған. [1, 91]. 5- бөлімде Ер-тұрман жөнінде жазылады. Ер әшекейлері, құйысқан, өмілдірік қоспалары, қыз баланың ері. Бүгінде ат жарысу, бәйгеге шабу өнері де қайта бел алып келеді. Міне, сондай өнермен шұғылданатын кісілерге де ат әбзелдері керек. [1, 109]. Дәркембай Шоқпарұлы қолына балғасын алып шеберханада осы айтылған заттарды жасап жүрсе де болар еді. Бірақ, ұста олай жасамады. Келер ұрпаққа, жастарға қазақтың қолданып жүрген бұйымдарының жасалу технологиясын атын атап, түсін түстеп көрсетіп кетті. Бұл Шоқпарұлының мәдениетімізге қосқан үлкен еңбегі. Дәркембай Шоқпарұлы бұл кітаптың 7-бөлімінде «Саз аспаптар» туралы жазады. Шоқпаров: «Халқымыздың мәдениетін, музыкалық мұрасын, этнографиясын зерттеп, қалам тартып жүрген, Ө. Жәнібеков, А.Сейдімбеков, С.Ақатаев, Ж. Шәкірімов, Т.Әсемқұлов, С. Медеубеков сынды азаматтар бар. Саз аспаптарын жетілдіріп, қайта тірілтіп жүрген Алтынбек Құмаров, Оразғазы Бейсембаевтарды атап өтуге болады, сол сияқты бұл күндері саз аспаптарын әзірлейтін үркердей бір топ шеберлер бар, олар: Мұса Әділов, Құрақбай Егізбаев, Жолаушы Тұрдыңұлов, Есен Құлжабеков, Сатыбалды Кенжеғараев, Мәулен Сүлейменов т.б.» деп жазады. [1, 152]. Зергер ағаштың қасиетін нақтылап көрсетеді. Музыка аспаптарын әзірлеу шеберлікті, шыдамдылықты қажет ететін өнер екен. Дәркембай Шоқпарұлы саз аспаптары туралы жақсы мәлімет береді. Ыдыс-аяқ, жиһаз туралы да көп зерттеп, көп мағлұмат жинақтаған. Халық шеберлері бұл күндері біздер күнделікті тұрмыста тұтынып жүрген үй жиһаздарын ерте кездерден жасай бастаған. Дәркембай Шоқпарұлы тұрмыста қажетті бұйымдарды зерттеп, жинап, олардың терминдеріне анықтама берген. [1, 159] Дәркембай Шоқпаров әр заттың анықтамасын бере отыра, ұмыт болып бара жатқан заттарды іздеп табады. Оған мысал, металдан жасалатын ыдыстар: бақыр, бақыраш, леген, тегеш, шәугім, шөген т.б. Шындығында бұд ыдыстар қазіргі таңда тұрмыста қолданылмайды. Көненің көзі деп жар құлағы жастыққа тимей, тірмектеп жинап, оны қағаз бетіне түсірген Шоқпарұлының бұл еңбегі мәдениетке қосқан үлесі болар. Бір қызығы жүннен жасалатын ыдыстар болады екен. Ұзақ жылдар бойы қолөнер туралы зерттеп, жинап, оны қағазға түсіру бұл нағыз ізденіс.

Осы кітаптан соң, Дәркембай Шоқпарұлының 2007 жылы «Алматы кітап» баспасынан «Қазақтың қолданбалы өнері» деген кітабы шығады. Бұл кітаптың екінші авторы, Шоқпарұлының ұлы Дәулет Дәркембайұлы. Кітап 7- тараудан тұрады. Кітапты оқып, талдай отыра, 3-тарауға тоқталуды жөн санадым. «Сүйектерге жан бітсе» деп аталады. Дәркембай Шоқпарұлы нанымдар мен ұғымдар деп тақырыпты қойып, «Қазақта сүйекті қастерлеу, қадірлеу салты ерте замандардан қалыптасқан. Сондықтан бақи дүниеге сапар шеккен адамның мәйітін туған жеріне, кіндік қаны тамған жерге әкеліп жерлегенді жөн көрген. [2, 75] Сүйектің не екенін туралы айтып қана қоймай, бұрынғы қариялар жөн сұрасқанда бір-бірінен «сүйегің кім», көңілі жақын, жегжат адамдар кейінгі ұрпақ суысып кетпесін деп бір-бірімен қыз алысып, қыз беріп отырған рәсімді «сүйек жаңғырту» туралы және «сүйекке түсу» рәсімдері туралы айтады. Дәркембай Шоқпарұлының бір ерекшелігі бар. Дәркембай ұста мақал-мәтел, халық нақылын, өлең шумақтарды, жыршы, жыраулардың сөздерімен мысалдап жеткізгенін байқайсыз. Мысалы, «Әкеден мал қалғанша, тал қалсын», «Бабын тап та бақ өсір», «Тұт екенің –құт еккенің», «Шыдамы жеткен шебер болар» т.б деген мақалдарды ағаш өңдеу тарауында қолданса, «Бармағынан бал тамған, Не шеберлер өтіпті, Үлгі берген өнермен» (Ақтан Керейұлы), Шарға ұстаған балта едім, Шабуын таппай кетілдім. Қайраса тағы жетілдім (Махамбет), деп жыраулар айтқанымен дәлелдесе, Илияс Жансүгіровтің «Қызылдап қымыз сабасын, Жыртығын үйдің жамасын, Айт, апатай келінге», (келсап туралы) [2, 101]. «Томыртқы қылып торсыққа, Шөлдермін

сусын су байла»(томыртқа туралы) [2, 119]. «Дүкенім құрған шеберім, Шеберле шеге шегеле», (Ілияс Жансүгіров) [2, 159]. «Елдің жайын ел баққан, Ерлер білер деген сөз. Зердің жайын зер соққан, Зергер білер деген сөз» (Жамбыл Жабаев) [2, 151]. Осындай нақыл сөздермен, мақал-мәтелдермен мысалға алынып жазылған бұл кітаптың ерекшелігі болуы керек. Бұл шебердің кітап жазудағы стилі, зерттеуі, жазу шеберлігі. Дәркембай Шоқпарұлы өлеңдер жаза бастаған. Ол өлеңдер жинағы 2003 жылы «Ай-алқа» деген атпен шықты.

Халқымыздың дәстүрлі төл өнері,
Кәсібім ата-мұра кол өнері,
Жинадым әдет-ғұрып салт-дәстүрін,
Елімнің көзге ыстық көнелері.

Қабылда аманатты туған елім! -деген өлең шумақтарымен Дәркембай Шоқпарұлы ақындығында байқатады. [3, 1].

Дәркембай Шоқпарұлы тылсым тіршіліктің иірімдеріне терең бойлаған, киелі қолөнер пернелерін дөп басқан азамат. Өнері өтімді, іс-әрекеті ғұмырлы. Дәркембай қазақтың қайталанбас қолөнер иесі, өткен ғасыр өресіндегі ұлттық өнердің жанашыры. Дәркембай Шоқпарұлының бір қыры - суретші әрі мүсіншілік өнері. «Студент қыз», «Алтын адам», «Қарасай батыр» т.б портреттері бар. Металлдан, ағаштан, тастан қашап жасалынған ескерткіштер. Мысалы, Абдолла Розыбақиев (1977 ж., Шелек), «Құланаян Құлманбет» (1998 ж., Түрген), Мұстафа Шоқай (1998 ж., Қызылорда, Шиелі), Мұхтар Әуезов (2001ж., Есік қаласы), Қашаған Жаманқараев (2001ж., Қаракемер), Рақымжан Тоқатаев (2004 ж., Қаракемер) тарихи тұлғаларымыздың мүсін-ескерткіштерін жасаған. Онымен қоса, көптеген тарихи сәулет ескерткіштерінің қалпына келуіне өз үлесін қосты.

Шебер шет елге көрмелерге қатысып отырған. Мысалы, Нью-Йоркте халықаралық сауда орталығындағы «Қазақ декорациялық-қолданбалы көрмесі» (1982 ж.,) (АҚШ). Алматы қаласында 1991 жылы ашылған жеке жәдігерлік коллекциясынан құралған этнографиялық мұражайындағы дүниелер халыққа ұнады. Париждің Ренн қаласында өткен «Экспо-2001» атты көрме-жәрменкесінде еуропалықтарды таңғалдырған. Шебердің өзіндік дара жолы бар. Ол мұражай ашу жолындағы даралығы мен ерлігі. Алғаш рет Дәркембай Шоқпарұлы 1991 жылы Алматы қаласынан жекеменшік этнографиялық музей ашады. Дәркембай Шоқпарұлы – қазақ қолөнерінің алтын діңгегі, алып тұлғасы. 1980 жылдардың ортасында қазақ мәдениеті мен ғылым тарихына «Халық музыка аспаптар» музейі дүниеге келді. 1981 жылы сәуір айында келешекке ұлттық нақышқа айналған «Халық саз аспаптар» мұражайы ашылады. Осы мұражайдың алғашқы тақырыптық жоспары бойынша қойылған дабылды-соқпалы беті теріден, шанағы темірден жасалатын аспаптардың көне нұсқалары шындауыл, дауылпаз, шың, сақпан, адырна аспаптарының көне түрлері қайтадан қалпына келтіріледі. Қазақтың халық аспаптары мұражайының алғашқы талантты қызметкерлерінен «Сазген» ансамблі құрылады. Осы ансамблге аспаптар мен биге қажет көмекші құралдар дайындалып алғашқы репертуары ұтымды шығып, қазақты таң қалдыруда Дәркембай Шоқпарұлының зергерлік өнерінің көмегі тиді. Дәркембай Шоқпарұлы, 1980 жылдардан жаңаша жаңғырған музыкалық фольклор саласына, аспаптану ғылымының дамуына, ұлттық киімдерге, қолөнер саласының барлық түрлерінің қалпына келуіне ықпал жасады. Зергерлік бұйымдарды - алқа, сақина, білезік, әшекей бұйымдарды қалпына келтіріп, ұлттық бұйымдарды насихаттаған. Ата-баба мұраларын түгендеп, дамытып, сақтау ұлтжанды азаматтың ғана қолынан келеді. Дәркембай Шоқпарұлының тағы бір үлкен еңбегі – Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогика институтының 60 жылдық мерейтойына құрылған «Ақтұмар» мұражайы ашуға қосқан үлесі. Осы мұражайда Дәркембай Шоқпарұлының қолынан шыққан дүниелер бар. Қыз баланың жас мөлшерінен бастап, бойжеткен, қалыңдық, келін, әже образдарын бейнелейді. Мұражай құнды дүниелерге толы. Мұражайда қойылған әрбір заттың тарихы бар. Сондай-ақ, мұражайда «Әйел әлемі» атты этнографиялық композиция қойылған. Қазіргі кезде Дәркембай Шоқпарұлы атындағы мұражай бар. Ол Ақши ауылында. Қазіргі күні бұл мұражайда 2400 экспонат бар. Салт-дәстүр ғасырдан-ғасырға, атадан балаға жететін құндылыққа толы дүние. Салт-дәстүрімізді біріміз білсек,

бірімізге мүлдем ұмыт болған жәйттер де бар. «Ел боламын десен, бесігіңді түзе» - дейді Мұхтар Әуезов атамыз. Ата-бабадан қалған мүлік тозады, өнер озады. Демек, қазақ қол-өнерінің түрін түгендеп, тамырынан бастап зерттеген Дәркембай Шоқпарұлы ұлттық өнеріміздің отын сөндірмеген екен. Дәркембай Шоқпарұлы «Шебердің қолы ортақ» атты телебағдарламасында домбыра жасаудың технологиясын, домбыраны құрап жасау, ашамай, торсық, дауылпаз, ер-тұрман, құранды ер жасау, қыл қобыз, зергерлік бұйымдарды жасау т.б. үйретеді. Бұл бағдарлама республикаға танылған. Хабарды қарап отырып, көпшіліктің танымын ашып, салт-дәстүрімізді дәріптеп, зердені ашады. Дәркембай Шоқпаров режиссер Ә.Әшімовтің «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» көркем фильмінде Қарабай уәзір бейнесін шебер сомдады. Сонымен қатар режиссер Бақытжан Қайырбековтың «Шебердің оралуы», режиссер Нұрлан Ахтановтың «Зергерлер» және басқа да деректі фильмдерге кеңесші ретінде өз үлесін қосып, қолтаңбасын қалдырды. Дәркембай Шоқпарұлының ұсталық, зергерлік өнерін жалғастыратын ұрпағы бар. Қай заманда да, қоғамда да «ұлыдан ұрпақ, тектіден тұяқ қалады» деген ұғым бар. «Тектінің ұрпағы тек кетпес» әке аманатына абыроймен қарап келе жатқан Дәулет Шоқпаров біраз дүниелер жасап жүр. Осы кезде - қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың: "Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған" - деген «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деген өлеңінің үзіндісі түседі. Дара тұлға - Дәркембай Шоқпарұлының соңынан мәңгілік өлмейтұғын із қалды. Ине мен құдық қазғандай тірнектеп жинаған жәдігерлері, өзінің қолмен өріп соққан бұйымдары бүгінде еліміздің алтыннан қымбат тарихи қазынасы мұражайда көрініс тауып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дәркембай Шоқпарұлы «Қазақтың қолөнері» «Өнер», Алматы: 2005. -176 б –қазақ тілінде
2. Дәркембай Шоқпарұлы, Дәулет Дәркембайұлы «Қазақтың қолданбалы өнері», «Алматыкітап», 2007
3. «Дәркембай мектебі» журналист Сұлтан Қалиұлы «Ұлан» газетінің 28.07.1998

УДК 091 (17)

ОДИНОЧЕСТВО: БОЛЕЗНЬ ИЛИ ЛЕКАРСТВО

Әлжан Аяжаным Мейрамқызы

Студент 1 курса ВШОДиЯПУниверситета КАЗГЮУ, Астана, Казахстан

Научный руководитель –Малгараева З.Б.

Феномен одиночества изучается не только в рамках философии, но и в таких науках, как психология и социология. Одиночество как предмет для размышлений представляет интерес ввиду своего особенного влияния на человека. В современном мире все больше и больше людей отдаляются от общества, оставаясь наедине с самим собой, ведь именно во время уединения перед нами предстает возможность познать себя, но такого рода размышления не всегда приводят к хорошим последствиям. Так что же такое одиночество и как с ним справляться?

Изучению вопросам одиночества и взаимоотношений человека с обществом посвятили свои труды многие философы, среди которых можно упомянуть Аристотеля, Эпикура, Б. Паскаля, Ф. Кафку и Ф. Ницше. Нередко писателями используются персонажи, сторонящиеся общества, порой бывающие нелюдимы, а иногда даже не скрывающие презрения к человечеству. Выходит, что и в художественной литературе было множество попыток раскрыть суть одиночества и ее пользы или вреда для человека.

Подходя с научной точки зрения, а именно с психодинамического подхода, само понятие одиночества можно разделить на дистанцирование личности (уединённость) и вынужденное одиночество (изоляция). Кандидат психологических наук Неумоева Е.В.